


Жылжымалы құрамдарды тандаудың жалпы ережелері.  
Козғалыс бағдарлары, олардың түрлері



АКК-да іс жүзінде – таңдау мәселесі берілген жағдайда пайдалану үшін шешіледі. Бұл таңдау, автомобильдермен тіркеулердің АКК-да бар түрлері мен моделдерін оларды пайдалану мүмкіндіктерін есепке ала отырып жүзеге асырылады.

АКК жағдайында жылжымалы құрамдарды таңдау барысында екі өзара байланысты мәселені шешуге тұра келеді;

жылжымалы құрамдардың арнайылығы және жүк көтергіштігі бойынша топтау.

Арнайыландыру дегеніміз жылжымалы құралдардың берілген жүктің түрін тасымалдауға қабілеттілігі.

Берілген түрдегі жүкті тасымалдау үшін жылжымалы құрам түрін таңдау негізінен тасымалданатын жүкке сәйкес кузовты таңдауға тақалады, өйткені кузовтарды арнайыландыру жылжымалы құрамдарды үнемді пайдалану саласында қарастырады.

Сәйкес кузов түрін таңдап алған соң, жылжымалы құрамның анық моделін таңдауға болады.



Жылжымалы құрамдарды таңдаудың негізгі факторлары жүктің түрі және сипаты, тиеу және түсіру тәсілдері, жүк партиясының шамасы, тиеу-түсіру пункттерініне кіру жолдарының жағдайы, жүкті жеткізу жылдамдығы, жол-климат жағдайы.

Автомобильдерді пайдалану сапасын еске ала отырып, жылжымалы құрамның қажетті маркасын таңдап алады. Мұнда әрине жаңа құрылымды автомобильдер, арнайыландырылған жылжымалы құрамдарды, автопоезддарды қолдануды қарастырған жөн.



**Жұксыйымдылығы.** Автомобильдерді пайдалану сапасын сипаттаушы негізгі көрсеткіштер; жұксыйымдылығы, жылдамдық қасиеттері, қозғалыс қауіпсіздігі, отын тиімділігі, мерзімі, беріктігі мен сенімділігі, пайдалану ыңғайлыштырылған т.с.с.

**Жұксыйымдылығы** – автомобильдің бір тасымалдауға рұқсат етілген жүктің максимальді есептік массасы.

$$G_{\text{ем}} = q_{\text{ср}} \cdot V_{\text{куз}} = a \cdot \varrho \cdot (h + h_l) \cdot q_{\text{ср}}$$

Мұнда  $q$  — жүктің тығыздығы  $\text{т}/\text{м}^3$ ;  $V$  — кузовтың көлемі ( $\text{м}^3$ );  $\varrho$  — платформаның ішкі ұзындығы ( $\text{м}$ );  $a$  — платформаның ішкі ені ( $\text{м}$ );  $h$  — ернеудің ішкі биіктігі ( $\text{м}$ );  $h_l$  — ернеудің жоғарғы шетінен жүкті тиеу үшін рұқсат етілген деңгейге дейінгі қашықтық ( $\text{м}$ ).



Жұксыйымдылығы жүккөтергіштікпен, кузовтың ішкі өлшемдерімен және жүктің тығыздығымен шектеледі.

Отандық автомобильдердің номиналь жүккөтергіштігі көрсетілген болады. ( $q$  ).

$$\frac{q_n}{V_{куз}} = \frac{q_n}{a \cdot \varepsilon \cdot (h \pm h_l) \cdot \eta} = q_{y\delta}$$

Оны бөлу арқылы  $\text{t/m}^3$  — меншікті көлемдік жүккөтергіштігін табамыз, мұнда  $\dot{\eta}$  — пайдалы көлем, даналай және ыдыстағы жүктердің өлшемдерінің дәл түсиеуіне байланысты, төмендеуін есепке алушы коэффициент,

Тасымалданатын жүктің түріне байланысты келесі үш вариант қарастыруға болады.

1)  $q_{rp} < q_{yg}$  — кузовтың көлемі толық пайдаланылады, ал жүккөтергіштігі толық пайдаланылмайды.

2)  $q_{ep} = q_{y\delta}$  — кузовтың көлемі мен жүккөтергіштігі толк пайдаланылады. ;

3)  $q_{ep} > q_{yg}$  — кузовтың көлемін толық пайдаланбай жүккөтергіштігін толық пайдаланады.

*Автомобиліді пайдалану ықшамдылығы – оның жүктөрдің тиесінде тұсіруге бейімділігімен, ыңғайлыштырылғымен бағаланады.*

*Тиесінде тұсіруге бейімділігі* кузовқа тиесінде биіктігімен – яғни жерден кузовтың еденіне дейінгі қашықтық (орташа жүккөтергіштіктің автомобилдер үшін 1200-1400 мм; ) тиесінде тұсіру жұмыстарын бір, екі, үш жақтан және жоғарыдан орындау мүмкіндіктерімен; фургон кузовының есіктерінің орналасуы, өлшемдері және қондырғыларымен; автомобилде тиесінде тұсірудің тездететудің және жұмыс көлемін төмендететудің қамтамасыз ететін қондырғысының болуымен анықталады.

*Жылжымалы құрамдардың таңдауды негіздеу.*

Жылжымалы құрамдардың түрін таңдауда шешуші фактор, автомобилдің өнімділігі мен тасымалдау құны, болып есептеледі.

Әртүрлі жүккөтергіштіктің автомобилдердің арасында таңдау кезінде жүккөтергіштігі үлкен автомобилдердің, төмендегі формуламен есептелген сағаттық өнімділігін салыстыра отырып таңдау мақматқа сай.

$$W_Q^u = \frac{q_u \cdot \gamma_{ct} \cdot V_t \cdot \beta_m}{l_{re} + t_{np} \cdot V_t \cdot \beta_m}$$

Жылжымалы құрамдардың түрін тандауда, көліктік жұмыс бірлігінің құны, нақты бағалаушы өлшем болып есептеледі. Тасымалдау құны бірлескен көрсеткіш болып есептеледі. Тасымалдау құнының шамасы кіші жылжымалы құрам экономикалық тиімді болып есептеледі. Тасымалдау құнын келесі формуламен анықтаймыз.

$$C_1 = \frac{1}{q_n \cdot \gamma_{ct}} \cdot \left[ \frac{l_{re}}{\beta} \cdot S_{nep} + S_{zn} + \left( t_{np} + \frac{l_{re}}{V_t \cdot \beta} \right) \cdot S_{noct} \right]$$

Мұнда  $q_n$  — жылжымалы құрамның номиналь жүккөтергіштігі, т;  $\gamma_{ct}$  — жүккөтергіштікті пайдалану коэффициенті;  $l_{re}$  — бір жүрістегі жүкпен жүрген жол;  $\beta$  — жүрісті пайдалану коэффициенті;  $V_m$  — техникалық жылдамдық;  $t_{np}$  — тиеужәне түсіру үшін бос тұрған уақыт;  $S_{ne}$  — 1 км жол жүру үшін кеткен айнымалы шығындар, теңге. (шиналар мен отынға, ТБ және ТЖ және күрделі жөндеу үшін шығындар);  $S_m$  — жал ақы бойынша шығында, теңге;  $S$  — бір сағаттық жұмысқа кеткен тұрақты шығындар, теңге;



Жылжымалы құрамдардың түрін тандауда келесі көрсеткіш *тасымалдау тиімділігі* болып есептеледі.

$$R = \frac{D \cdot S_3}{S_3} \cdot 100\%$$

где  $D$  — тасымалдаудан түскен пайда, тн/т;

$S_3$  — пайдалану шығындары, тн/т.

Жылжымалы құрамдардың тиімді түрін тандаған соң, қажетті санын келесі формуламен табамыз.

$$\mathbf{A}_3 = \frac{\mathbf{U}}{\mathbf{W_p^{cm}}}$$

Мұнда  $U$  — жүк айналамы бойынша жоспарлық тапсырма;

$W$  — автомобильдің тәуліктік өнімділігі.

Қалаларда автобустарда тасымалдау анық бір маршруттар бойынша ұйымдастырылады. Маршруттардың басы мен соңы жолаушы ағынының күрт өзгеруімен анықталады. Маршруттарды жолаушы жөнелтуші және жолаушы қабылдаушы пункттердің орналасуына қарай жол аралықтарына бөледі.

Автобус маршруттары аумақтық белгілері бойынша қалалық – қала аумағында қатнайтын; қала сыртында – қала аумағында басталып қаладан тыс 50 км-ге дейін қашықтықта қатнайтын маршруттар; қалааралық 50 км-ден артық арақашықтықта екі немесе одан көп қалалар арасында қатнайтын маршруттар.

Жол аралықтары – дегеніміз екі қатар орналасқан аялдау пункттерінің арасындағы қашықтықты айтамыз. Жол аралықтарының ұзындығы 300 – 700 м болуы мүмкін.

Автобустардың аялдау пункттері тұрақты, уақытша және жолаушылар талабы ьойынша. Тұрақты аялдамалар, тұрақты тұрақты жолаушы алмасу болып тұратын пункттарда құралады.



Уақытша аялдамалар – жолаушы алмасу белгілі бір сағат тәулікте немесе белгілі бір жыл мезгілінде болып тұратын жерлерде құрылады. Жолаушылар талабымен аялдау – жолаушы алмасу өте аз, бірак дүркінді болып тұратын жерлерде құрылады, рұқсат етіледі.

Сонғы аялдамалар маршруттардың соңғы пункттерінде құрылды.

Автобус маршруттарын қала жоспарындағы көрінісіне байланыты бірнеше тұрге бөлінеді.

1. Диаметрлік – қаланың екі шетін орталық арқылы тұтастырып жатады.
2. Радиальды – қала шетін орталықпен байланыстырып тұрады.
3. Жартылай диаметрлік – орталық арқылы өтетін, екі қала ауданын байланыстыруши маршрут.
4. Айналма маршруттар – қаланың орталық бөлігінде сонымен бірге жеке райондарында ұйымдастырылады.
5. Тангенстік маршруттар қаланың жеке аудандарын байланыстыратын, орталық арқылы өтпейтін маршруттар.



Автобус маршруттарының схемасын есептеуде алдымен, түйіндер және қабырғалардан тұратын қалалық көлік тармағын анықтап аламыз, сонымен бірге пункттер арасындағы жылжуулар санын жолаушылар ағынын зерттеу арқылы анықтап аламыз. Автобус маршруттарының оптималдық (тежемді үнемді) критериясы ретінде жолаушылардың тікелей жылжу үшін кеткен уақыты алынады.

$$E = \sum_{k=1}^n \sum_{f=1}^n P_{fk} * t_{ok} + \overrightarrow{\sum_{i=1}^m \sum_{f=1}^m * \Pi_{ij} / t_{cij} + t_{nij}} \quad \min$$

Мұнда,  $k = 1, 2, 3 \dots n$  -- автобус маршруттар;

$f = 1, 2, 3 \dots n$  -- маршруттардағы пункттер.

$P_{fk}$  -- жолаушы жаны,  $k$  --ші пункттегі автобус күтіп тұрғандар;

$t_{ok}$  --  $k$  -- маршруттағы жолаушының күткен уақыты

$m$  -- микrorайондар саны;

$\Pi_{ij}$  -- пункттер арасындағы жылжуулар;

Автобус рейсі (сапары) -- бастапқы және соңғы пункттер арасындағы жол.

Рейс ұзындығы --- маршрут ұзындығы;

Рейс уақыты -- қозғалыстағы және аралық аялдамалардағы уақыт жиындысына тең.

$$t_p = t_k + t_{a\alpha}$$

Автобустың айналымы: маятниктік маршрут  $l_o = 2l_m$  ; айналма маршрут  $l_o = l_m$

Айналу уақыты:

$$t_a = t_k + t_{ay} + t_{ca}$$

Жолаушы жолының орташа ұзындығы  $l_{ж.o}$ ;

$$l = 1,2 + 0,17\sqrt{F};$$

Мұнда  $F$  – қаланың ауданы , км<sup>2</sup> ;

Жолаушы аудандылық коэффициенті;


$$\eta_{cm} = \frac{Q_p}{q\gamma}; \quad \dot{\eta}_{cm} = L_m / l_{ж.o}$$

Жолаушы аудандылық коэффициенті;

$$\eta_{cm} = \frac{Q_p}{q\gamma}; \quad \dot{\eta}_{cm} = L_m / l_{ж.o}$$



## Қалалық автобус маршруттарының түрлері



1. Диаметрлі
2. Радиусты
3. Жартылай диаметрлі
4. Айналма
5. Тангенстік

Маршрут бойынша<sup>4</sup> жолаушы ағынының таралу сипатына байланысты автобус рейстері; келесідей болады; жай – барлық алдау пункттерінде жолаушыларды отырғызатын және түсіретін; жартылай экспрес - жолаушыларды отырғызу және түсіру кейбір алдын ала қарастырылған пункттерде орындалады; экспресс - жолаушыларды отырғызу және түсіру тек соңғы аялдамаларда болады; қысқартылған – автобустардың рейсі маршруттың барлық ұзындығында болмайды.

